

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

**БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ ТӘУЕЛСІЗ  
ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АГЕНТТІГІ (БСҚА - IQAA)**



**Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және  
инжиниринг университеті  
Тәуелсіз қазақстандық агенттігі сарапшылар тобының сырттай  
бағалау  
ЕСЕБІ**

6D020500-Филология білім беру бағдарламасы бойынша алғашқы  
мамандандырылған аккредиттеу бойынша өзін-өзі және сыртқы бағалау  
есептерін оқығаннан кейінгі

Сыртқы бағалау мерзімі 16-17 сәуір 2018 жыл

Ақтау қ., 2018 жыл



**Состав экспертной группы:**

**Леонович Евгений Николаевич**

руководитель группы,

Международный эксперт

Профессор кафедры методики обучения в начальной школе Института педагогики и психологии образования Московского государственного педагогического университета. Доктор педагогических наук, профессор.



**Сыздыкбаева Айгуль Джуманазаровна**

Национальный эксперт

Ассоциированный профессор кафедры «Дошкольного и начального образования» КазГосЖенПУ, доктор PhD.



**Абдирасилова Зауре Садуакасовна**

Национальный эксперт

Доцент кафедры социально-гуманитарных наук. НАО «Казахская национальная академия хореографии», кандидат исторических наук.



**Абдрахман Гулнар Кабылкалымқызы**

Национальный эксперт

Начальник центра аккредитации и СМК, Таразский государственный педагогический университет, Кандидат филологических наук, доцент



**Андрущишин Иосиф Францевич**

Национальный эксперт

Профессор кафедры «Теоретические основы физической культуры и спорта», Казахская академия спорта и туризма. Доктор педагогических наук, Академик Российской академии естествознания



**Амангазиева Мерuert Кусаиновна**

Национальный эксперт

Декан факультета педагогики. Актюбинский университет им. С. Баишева. Кандидат филологических наук, доцент.



**Жагловская Алина Александровна**

Национальный эксперт

Ассоциированный профессор кафедры географии и туризма Павлодарского государственного университета им. С. Торайгырова, доктор PhD.



**Мухамбетжанова Салтанат Нуритденовна**  
Представитель работодателей  
Заместитель директора по методической работе  
средней школы №10 г. Актау



**Нурова Кундуз Сарсенбаевна**  
Представитель студентов  
Студентка 4-го курса специальности: «Педагогика  
и психология». Мангыстауский гуманитарно-  
технический университет



Отчет по внешнему аудиту НКАОКО-IQAA

**Уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел образовательной программы, 6D020500 – Филология, РГП на ПХВ «Каспийский государственный университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова»**

Стандарты	Отметьте уровень соответствия отчета по самооценке фактическому состоянию дел в вузе для каждого стандарта			
	соответствует	соответствует с небольшими замечаниями	соответствует с замечаниями	не соответствует
<i>Стандарт 1</i> Цели образовательных программ и политика в области обеспечения качества	+			
<i>Стандарт 2</i> Разработка, утверждение образовательных программ и управление информацией	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентоцентрированное обучение, преподавание и оценка	+			
<i>Стандарт 4</i> Прием студентов, успеваемость, признание и сертификация		+		
<i>Стандарт 5</i> Профессорско-преподавательский состав	+			
<i>Стандарт 6</i> Учебные ресурсы и поддержка студентов	+			
<i>Стандарт 7</i> Информирование общественности	+			

**Леонович Евгений Николаевич**

**Сыздыкбаева Айгуль Джуманазаровна**

**Абрахман Гульнар Кабылкалымқызы**

**Амангазиева Меруерт Кусаиновна**

**Мухамбетжанова Салтанат Нуритденовна**

**Нурова Кундыз Сарсенбаевна**

**Дата аудита 16-17 апреля 2018г.**

## МАЗМҰНЫ

### ТАРАУ 1 КОНТЕКСТ ЖӘНЕ КЕЛУ МАҚСАТЫ

Кіріспе.....	6
Оқу орны туралы негізгі мәліметтер.....	6

### ТАРАУ 2 САРАПТАМАЛЫҚ ТОПТЫҢ СЫРТҚЫ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі

Кіріспе.....	9
Стандарт 1. Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты.....	10
Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару.....	12
Стандарт 3. Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау.....	14
Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....	16
Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы.....	18
Стандарт 6. Оқу ресурстары және студенттерді қолдау.....	20
Стандарт 7. Жұртшылықты ақпараттандыру.....	23

### ТАРАУ 3

ҚОРЫТЫНДЫ.....	25
ҚОСЫМША .....	27

## **ТАРАУ I**

### **Кіріспе**

«Ш.Есенов атындағы Каспий мемелкеттік технологиялар және инжиниринг университеті» РМК ШЖҚ-де мамандандырылған (бағдарламалық) аккредитация аясында сарапшылар тобының сыртқы бағалауы 2018 жылдың 16-17 сәуір күндері өтті.

Сыртқы бағалау НКАОКО жасақтаған бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар: келу бағдарламасы, орыс тіліндегі өзін-өзі бағалау білім беру бағдарламасының есебі, университет құрылымы, оқу кестесі, практика базасының тізімі сараптамалық топ мүшелеріне таныстырылды, білім ұйымына келгенге дейін сыртқы баға процедурасына өз уақытында дайындауға мүмкіндік жасады.

Университет ректорымен, проректорларымен, құрылымдық бөлімше жетекшілерімен кездесу сарапшыларға университеттің жалпы сипатымен, соңғы жылдардағы жетістіктерімен, перспективалық даму бағытымен ресми түрде танысып шығуға мүмкіндік берді.

Сыртқы бағалау бойынша жоспарланған шаралар университет құрылымымен және оның материалдық-техникалық базасымен неғұрлым толық танысуға ықпалын тигізді. Оқытушы-профессор құрамы, студенттер, магистранттар, бітіруші түлектер және жұмыс берушілермен болған сұхбат нәтижелері сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламасының ЖОО-ның іс жүзіндегі жағдайына берілген өзін-өзі бағалау есебі сәйкестігіне тәуелсіз бағалау жүргізуге қолайлы жағдай туғызды.

Университеттің білім беру бағдарламасы бойынша өзін-өзі бағалау есебінде ЖОО-ның қызмет аумағы мен құрылымдық бөлімшелердің әлсіз және күшті жақтары, қауіптілік пен ілгері даму мүмкіндіктері айқындалып, мамандандырылған аккредитация стандарттарына сәйкес көлемді ақпарат қамтылған.

Жұмыс барысы оқу және ғылым процесін ұйымдастыру, материалдық-техникалық база жөнінде түсінік қалыптастыру, олардың стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ білім алушылар мен жұмыс берушілермен жұмыс орнында байланыс жасау мақсатында жүргізілді. Сарапшылар кафедраларды, бөлімдерді, зертханаларды, ғылыми ктапханаларды т.б. қарап шықты.

Сыртқы бағалау жүргізу процесінде сарапшылар ішінара сабақтарға қатысып, практикалық базалардың дайындық бағыттары бойынша құжат айналымымен, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуімен егжейлі-тегжейлі танысу мақсатында кафедралардың құжаттарын зерделеді.

### **Оқу орны туралы негізгі мәліметтер**

Білім беру қызметтерін ұсыну мүмкіндігі бар халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізетін, бәсекеге қабілеттілік пен Маңғыстау өңірінің әлеуметтік-экономикалық өсуінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін білім беру қызметі құқында жоғары оқу

орнынан кейінгі білім саласында мерзімі шектеусіз 37 бакалавриат, 15 магистратура, 5 докторантура мамандықтары бар. Ш. Есенов атындағы КМТИУ-дың іргетасы 1976 жылы қаланған, жарғы негізінде қызмет етеді. 2012 ж 14 желтоқсандағы NC2019074 мемлекеттік лицензиясы бар.

Оқу үдерісі ҚР БЖҒ министрлігінің нормативті құжаттарына сәйкес жүргізіледі.

Университеттің профессорлық- оқытушылар құрамы оқу-әдістемелік әдебиеттерді мемлекеттік қазақ тілінде, орыс, ағылшын тілдерінде дайындайды. Осы мақсатта жыл сайын университетте оқу жылына арналған ОӘҚ жарыққа шығару жоспары жасалады.

Кәсіби тәжірибе өткізу үшін университет басты өндірістік компаниялармен тәжірибе базасы ретінде келісімшартқа отырған.

Ш.Есенов атындағы КМТИУ базасында «Екі дипломды білім беру» бағдарламасы бойынша «Теңіз техникасы және технологиясы» мамандығының 2016 жылғы түлектеріне жоғары оқу орнының дипломымен қоса халықаралық теңіз серіктестігімен қабылдаған, ПНДВ-78 халықаралық конвенцияның талабына сай «вахталық матрос» және «вахталық моторист» туралы квалификациялық куәлік түлектерге экипаждық кеменің құрамында жұмыс жасауларына мүмкіндік береді. Сонымен қатар университет тарихында бірінші рет түлектерге РМУ «Ақтау мен Баутино теңіз порттары әкімшілігі» деген Қазақстан Республикасының атынан жеке куәліктер берілді.

Университеттің ғылыми-зерттеу жұмыстары (бұдан әрі – ҒЗЖ) Маңғыстау өлкесі үшін маңызды экологиялық, экономикалық және басқа да мәселелерді шешуге қатысты көкейтесті және басым бағыттар бойынша: жаңа технологиялық машиналарды әзірлеу мен жетілдіру; технологиялық үдерістерді модельдеу және ақпараттық технологиялар; мұнай-газ кен орындарын, бұрғылау; мұнай-химия, қайта өңдеу; көмірсутектерді геоэкология және қоршаған табиғи байлықтарды; энергияның баламалы көздерін қолданубойынша жүргізіледі.

Ш. Есенов атындағы КМТИУ-дің 2012-2017 жылдардағы ғылыми-зерттеу жұмысын қаржыландырудың жалпы көлемі 114,9 млн. теңгені құрады. Сондай-ақ Университетте кәсіпорындардың тапсырыстары бойынша ғылыми зерттеулер жүзеге асырылады:

1. Маңғыстау облысы РММ «Қоғамдық келісім» этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты жүзеге асырудағы «Маңғыстау облысы бойынша тоқсан сайынғы әлеуметтік мониторингі» жобасы.

2. Маңғыстау облысы ішкі саясат басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру мақсатындағы «этносаралық, конфессияаралық қарым-қатынастарды және көші-қон саясаты саласында азаматтық қоғам ұйымдарының сараптамалық әлеуетін қалыптастыру және дамыту құзыреттілігі бойынша іс-шараларды жүргізу» жобасы.

Ш. Есенов атындағы КМТИУ мұнайшы (SPE) халықаралық қоғамының



мүшесі болып табылады, SPE білімгер бөлімшесі құрылған.

Университет кітапханасында оқу үдерісін қолдауға студенттер мен оқытушыларға өз кітапханамыздың қорлары мен басқа да басылымдарға, сондай-ақ Республикалық жоғары оқу орындары аралық электронды кітапхананың ғылым-білім берудің жойылған деректер базаларына желілік режимде, Қазақ ұлттық электрондық кітапханасына, «Web of Science», «Springerlink» и «Sciencedirect», Thomson Reuters халықаралық қорларына еркін қол жеткізуін қамтамасыз ететін қажетті жағдайлар жасалған. Университеттің студенттері мен оқытушыларының Shakmardan Yessenov Foundation-мен ынтымақтастық аясында бірлескен білім беру бағдарламасы бойынша ағылшын тілін оқып үйрену сәтті жүзеге асырылып келеді.

Университет кафедраларының аймақтың ірі өндірістік кәсіпорындары базасында өз филиалдары бар, олар: ЖШС "Құрманғазы Петролеум", "Маңғыстаумұнайгаз" ААҚ, "Өзенмұнайгаз" ӨФ, "Қаражанбасмұнай" АҚ, "Қарақұдықмұнай" ЖШС, ТОО "МАЭК-Казатомпром" ЖШС, "ОйлСервисКомпани", МНУ "КазТрансОйл" ЖШС, "Мұнайгазқұрылыс". Олардың қолдауымен университетте ашық аспан астындағы ғылыми-зерттеу мұнай полигоны салынған.

Болон үдерісінің ұстанымдарына сәйкес университетте таяу және алыс шетелдердің ЖОО-мен жан-жақты өзара тиімді байланыстарды нығайту мен білім орданың еуропалық білім беру кеңістігіне интеграциясын жеделдетуге бағытталған әртүрлі бағдарламалар жүзеге асырылуда.

Ш. Есенов атындағы КМТИУ мен Өнеркәсіптік өндірісті ұйымдастыру және автоматтандыру институты фраунгофер қоғамдастығының IFF (Магдебург қаласы, Германия) арасында жобалау және сүйемелдеу бойынша жұмыстарды жасау, сондай-ақ инженерлік кадрларды дайындау мақсатында Орталық Азия үшін инжиниринг Орталығын (СЕСА) пайдалану туралы ынтымақтастық Меморандумы жасалды.

Ш. Есенов атындағы КМТИУ-де СЕСА орталығын құру ұлттық және халықаралық деңгейде университеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етуі тиіс және осы мүмкіндіктер арқасында виртуалды коммуникациялық платформасын көпсалалы инжинирингпен бірге пайдалануға болады.

Ш. Есенов атындағы КМТИУ жоғары оқу орнының ұйымдық-басқару қызметін ұйымдастыру мәселелерін шешуде және оқу үдерісін жоспарлау, білім беру бағдарламаларын әзірлеу, нормативтік құжаттама, ұйымдық-өндірістік құрылымды қалыптастыруда ЖОО дербестік ұстанымдары жүзеге асырылуда.

**Заңды тұлғаның мекен жайы:**

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,

Ақтау қаласы, 32 шағын аудан

Телефондары: (8 7292)425818; Факс (8 7292)425818;

Ресми сайты [www.yu.edu.kz](http://www.yu.edu.kz).

## **ТАРАУ 2**

### **САРАПТАМАЛЫҚ ТОПТЫҢ СЫРТТАЙ БАҒАЛАУ ЕСЕБІ**

Мамандандырылған (бағдарламалық) аккредиттеу стандарттарына сәйкестігі

#### **Кіріспе**

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы ұжымы университеттегі ғылыми әлеуеті өте жоғары кафедралардың бірінен саналады. Қазақ тілі мен әдебиетінен бәсекеге лайықты, жан-жақты дамыған, шығармашылық ойлау қабілеті жоғары, терең білімді, іскерлік дағдысы қалыптасқан мамандар даярлауда ғылыми әлеуеті өте жоғары кафедра ұжымы еселі еңбек етіп келеді.

Қазіргі таңда кафедрада 11 оқытушы қызмет атқарады, оның ішінде 10 – ғылым кандидаты, 1 – ғылым докторы, 4 – ҚР «Үздік оқытушысы» атағының иегерлері, сонымен бірге кафедра оқытушылары – «Алтынсарин атындағы» сыйлықтың, «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» атағының, «ҚР ғылымын дамытқаны үшін» төс белгісінің, ҚР БҒ министрінің «Алғыс хатының», «Құрмет грамотасының», облыс, қала әкімдерінің «Алғыс хаттарының», «Маңғыстау облысының жыл адамы» атағының иегерлері.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасында тұрақты және міндетті түрде оқыту, кәсіби даму мен жоғары педагогикалық дағдыларды, ғылыми нәтижелерін оқытушыларға насихаттау жүйесі құрылған.

Оқытушылар өздерінің ғылыми біліктіліктерін кәсіби және ғылыми жұмыстармен сәтті ұштастырады. Олардың ғылыми-зерттеу жұмыстары зерттеудің жаһандық деңгейіне бағытталған. Бұл білім беру үдерісінде және олардың ғылыми-зерттеуде филология ғылымдарының озық идеяларын пайдалануында көрініс табады. Кафедрада Білім және ғылым министрлігі тарапынан жалпы құны 10 000 000 теңгені құрайтын 1 жоба (Жоба жетекшісі – профессор Б.И.Нұрдәулетова) грант арқылы жүзеге асырылған. Кафедра оқытушылары дайындаған ғылыми зерттеулері мәселенің қазіргі күйі және филологиялық ғылымның тарихи тәжірибесіне байланысты. Атап айтқанда, тіл білімі, фольклор мен әдебиеттану және қазақ филологиясының өзекті мәселелері тақырыбындағы ғылыми бағытпен және Маңғыстау көркем мәтініндегі лингвистикалық құндылықтар, Маңғыстау әдебиетінің өзекті мәселелері тақырыбындағы ғылыми зерттеумен айналысады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру – болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы негізінде жүзеге «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» кіші бағдарламасы бойынша университет ғалымдарының жалпы құны 137 384 297 теңгені құрайтын 10 жобалық іс-шарасы Республикалық жобалар және іс-шаралар реестріне енгізілген.

Кафедра оқытушылары еліміздің қоғамдық өмірінің салаларында болып жатқан маңызды мәселелерде облыстық, университетішілік жұмыстарға, конференция, семинар, дөңгелек үстелдерге белсенді түрде қатынасып, мемлекеттік тіл мәртебесін көтеру, өлке мәдениеті, әдебиеті мен руханиятына өз үлестерін қосып келеді.

## **Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты**

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінде 6D020500-Филология мамандығына арналған БББ бойынша докторанттар дайындау ҚР БҒМ 14.12.2012 жылы берілген №12019076 мемлекеттік лицензия негізінде дайындалады. <http://yu.edu.kz/yessenov-university/basic-documents/>. Лицензияның іске асырылу мерзімі шектеусіз. 14.12.2012 ж. № 001 лицензиясына ҚР БҒМ берген қосымша бар. <http://yu.edu.kz/yessenov-university/basic-documents/>.

6D020500-Филология мамандығы қарасты «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессор оқытушылар құрамы университеттегі ғылыми әлеуеті өте жоғары кафедралардың бірі болып табылады. Қазіргі таңда кафедрада 11 оқытушы қызмет атқаруда, оның ішінде 10 – ғылым кандидаты, 1 – ғылым докторы бар.

Кафедраның білім беру бағдарламаларына сай миссиясы айқын анықталған: ол жоғарғы және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру саласында Маңғыстау аймағының бәсекеге қабілеттілігі мен тұрақты экономикалық-әлеуметтік өсуін қамтамасыз ететін білім беру қызметін ұсыну болып табылады.

Білім бағдарламасында қарастырылған күзiреттiлiктер университет миссиясымен сәйкес келедi, атап айтқанда: -Д2.4. – жоғары оқу орындарындағы ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызмет саласында; Одан әрi төмендегi құзыреттiлiктер: -Д1.1 – ғылыми зерттеу әдiснамасы саласында; -Д 2.1 – замануи бiлiм беру технологиялары мәселелерiнде.

Университеттiң сапамен қамту саясаты ЖОО-ның стратегиялық және оңтайлы менеджментiмен анықталады. Университеттi басқару үдерiстiк әдiске негiзделген. Бiлiм беру қызметi университеттiң Қазақстан Республикасы Қаржы министрлiгiнiң Мемлекеттiк мүлiк және жекешелендiру комитетi төрағасының 2012 жылы 21 тамыз № 812 бұйрығымен бекiтiлген Жарғысы (<http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/>) негiзiнде жүзеге асырылуда.

Сапа кепiлдiгi саясатында ғылыми-зерттеу, оқыту мен бiлiм беру арасындағы байланыс айқын көрсетiлген. Кафедраның, ПОҚ-ның тiркелген ғылыми-зерттеу жұмыстары тақырыптарымен бiлiм алушылардың ғылыми-зерттеу тақырыптарының сабақтастығы, зерттеу жұмысы нәтижелерiнiң оқу процесiне енгiзiлуi талап етiледi және кафедра жұмысы жоспары бойынша жүзеге асырылады.

ҚР Жоғары оқу орнынан кейiнгi бiлiм берудiң мемлекеттiк жалпыға мiндеттi стандартына енгiзiлген өзгертулер мен толықтырулар негiзiнде дайындалған типтiк оқу жоспарына сәйкес кафедрада 6D020500-Филология мамандығы бойынша Модульдiк бiлiм беру бағдарламасы құрастырылып бекiтiлген. Бұл докторанттардың бiлiм беру саласында жұмыс жасау барысында қажет етiлетiн кәсiби дағдылардың нық қалыптасуына мүмкiндiк

береді. Осыған орай қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы зерттеу тәжірибе өткізу базаларын нақты таңдауға және жұмыс берушілермен тығыз байланыс орнатуға ерекше көңіл бөлінген.

Аталған мәселені шешу мүмкіндігіне Маңғыстау облыстық білім басқармасымен және қалалық білім беру бөлімімен, Маңғыстау гуманитарлық колледжімен, орта мектептермен бірлесе отырып оқыту-ғылыми-өндірістік білім беру кешенін құру және біріккен әріптестік келісімшарттары негізінде жүргізілуде. Бес жылға жасалған келісім шарттар (2013-2018 ж.ж.) мен меморандумдар (2017-2022 ж.ж.) бар.

Университеттің даму стратегиясын жүзеге асыруда кафедраның басты күші білім берудің көпбейінді жүйесіне көшуге заманауи инфрақұрылым құруға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға, сапалы оқу-әдістемелік қамтуға, университет үшін инновациялық қызметті жүзеге асыруға бейім инновациялық университет имиджін бекітуге, ғылыми зерттеу жүргізуге, интеграциялы білімдік оқу бағдарламасын енгізуге жұмылдырылған.

БББ басқаруда үдерістердің қол жеткен нәтижелеріне негізделген әдіс-тәсілдер қолданылады. Барлық үдерістер қажетті ішкі және сыртқы нормативті құжаттармен қамтамасыз етілген (<http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/>).

Білім беру сапасын жақсарту, оқу үдерісін әдістемелік, оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету сапасына мониторинг жасау; университет дамуының стратегиялық бағытын айқындауға арналған іс-шаралар түрін құрастыру және ұйымдастыру мақсатында университеттің оқу-әдістемелік кеңесі, факультет оқу әдістемелік бюросы жұмыс жасайды.

Алқалы органдардың қызметі тұтастай алғанда оқу үдерісін жақсарту және әдістемелік қамтамасыз етудің, профессорлық-оқытушылық құрамның қызметін жандандырудың барлық өзекті мәселелерін қамтиды.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың табыстылығын бағалау үшін ішкі және сыртқы аудиттер жүргізіледі, олардың тексеру нысандары мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік құжаттары, олардың нормативті талаптармен сәйкестігі болып табылады. Сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, шаралар алынып, оларды қалпына келтіруге байланысты іс-шаралардың жоспары жасалған.

Қызметтің барлық түрлері бойынша кафедра жұмысының нәтижелері, білім беру бағдарламаларын дамыту іс-шараларының орындалуына талдау кафедра, факультет оқу-әдістемелік бюросы, университеттің оқу-әдістемелік кеңесі отырыстарында қаралатын жыл сайынғы оқу-әдістемелік жұмыстар, ҒЗЖ, тәрбие жұмыстарының орындалуы туралы есептерде көрініс береді.

Білім беру траекториясы бойынша ілгерілеуге мониторинг жүргізу «Platonus» ААЖ арқылы жүзеге асырылады.

**Ескерту: -жоқ.**

**Жақсарту мақсатында: жоқ.**

## **Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару**

Білім беру бағдарламаларына қатысты қызметтер ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалған және құжатталған. Білім беру бағдарламалары оқу жоспарларының мазмұны, пәннің жұмыс бағдарламаларының құрамы мен мазмұны, оқу және өндірістік практика бағдарламалары жағынан жыл сайын қайта қаралып, жаңғыртылады. Барлық рәсімдер «Мамандық бойынша білім беру бағдарламасын әзірлеу ережесі» <http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/>. құжатында сипатталған.

Жұмыс оқу бағдарламаларын қайта қарау мен жаңарту оқу жылының соңында бір рет жүргізіліп, келесі оқу жылында бекітіледі. Жұмыс оқу бағдарламаларын талдауды кафедра меңгерушісі оқытушылармен бірлесіп оқу жылы ішінде жүзеге асырады. Білім беру деңгейлері бойынша білім беру бағдарламаларының құрылымы Еуропа (Кембридж, Оксфорд университеттері) және Ресей жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларына негізделіп әзірленген.

6D020500-Филология мамандығы бойынша оқу мерзімі - 3 жыл, 44 апта. Білім беру бағдарламасын жұмыс берушілердің ұсыныстарын және қазіргі заманауи тенденцияларды ескере отырып, кафедра оқытушылары құрастырған. Білім беру бағдарламасы кафедра отырысы мен факультеттің оқу-әдістемелік бюросында қаралып, университеттің оқу-әдістемелік бюросында талқыланып, университеттің Ғылыми Кеңесі қаулысымен бекітілген. Білім беру бағдарламаларының ерекшеліктері жинақтала келе білім алушы оқуға қабылданған жағдайда, кәсіби құзыреттіліктер қалыптастыратын бірінші курстағы арнайы пәндерді оқудан бастап, барлық цикл пәндерінде көрініс табатын элективті теориялық және практикалық пәндердің ендірілуіне ықпал етеді. Пәндер арасындағы тепе-теңдік нормативтік талаптар ескеріле отырылып қадағаланады.

Білім беру бағдарламасында, модульдік (жұмыс) оқу жоспарының (МОЖ) құрамында курстар бойынша уақыт бюджетімен оқу процесінің кестесі, кредит саны көрсетілген модульдер тізімі бар. Таңдау бойынша модульдерге берілген кредиттер семестрлерге тең бөлінген. Сондай-ақ, семестрлердегі емтихан саны, кредиттер саны көрсетілген практиканың семестр бойынша бөлінуі және қорытынды аттестаттау модулі көрсетілген. Оқу жоспарының Білім беру бағдарламасының мазмұны отандық және кейбір шетелдік жоғары оқу орындарының ұқсас бағдарламаларымен үйлестірілген, ECTS типі бойынша кредиттерді қайта есептеу тәртібі «Кредиттік технология бойынша оқыту» ережесіне сәйкес бекітілген.

Оқу жоспарының міндетті компоненті бойынша білім беру бағдарламасының мазмұны ҚР ТОЖ (2016) сәйкес және міндетті базалық компоненттің 1 модулі мен кәсіби компоненттің 2 модулінен тұрады.

Білім беру бағдарламасының жалпы еңбек сыйымдылығы 78 кредитті құрайды. Оның ішінде теориялық оқуға—15 кредит: базалық пәндер—3 кредит, кәсіби модульдер блогы— 12 кредит, докторлық диссертацияны қоса

алғандағы докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы–50 кредит, педагогикалық және зерттеу тәжірибелері – 8 кредит, қорытынды аттестация – 5 кредитті қамтиды.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру МЖБС және БББ негізгі оқу жоспарына сәйкес докторанттардың педагогикалық және зерттеу тәжірибелерінен өтуі қарастырылған. Педагогикалық тәжірибе бойынша жұмыс бағдарламасы мен әдістемелік нұсқаулық ҚРБҒМ 29.01.2016 жылғы №107 бұйрығымен бекітілген «Кәсіптік практиканы ұйымдастыру мен өткізу қағидалары және практика базасы ретінде ұйымдарды айқындау туралы Ереже» негізінде жасақталған.

6D020500-Филология мамандығының матрицасында кәсіби модульдер блогына (12 кредит) кіретін, нақты бір модульдердегі зияткерлік және академиялық дағдылардың қалыптасқан түйінді құзыреттермен өзара байланысын көрсетеді, ал тәжірибелік құраушысы тәжірибе, қорытынды аттестация модульдерінде анықталған.

6D020500-Филология мамандығының білім беру бағдарламаларының оқу-әдістемелік қамтылуы төмендегі ішкі нормативтік құжаттар негізінде (Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымын, мазмұнын дайындау мен бекіту тәртібі) әзірленген. <http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/>.

6D020500-Филология мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберлерімен және кәсіби стандарттармен, МЖМББС сәйкес жасалған және Дублин дескрипторлары және Біліктіліктердің Еуропалық шеңберімен келісілген (<http://atameken.kz/>). Бекіту барысында БББ сыртқы сараптама мен жетекші мамандар тарапынан рецензияланған.

Университетте қалыптасқан жүйе білім беру бағдарламасының сапасын бағалау үшін сыртқы эксперт ретінде МАК төрағасын, диссертацияның рецензенттерін, іс-тәжірибе жетекшілерін, ынталы тұлғаларды тартуға бағытталған. Кәсіби іс-тәжірибе өткізу үдерісінде білім беру бағдарламаларының сапасы докторанттардың теориялық білімдерді меңгеруі және оларды нақты өндірісте қолдану дағдысы тұрғысынан бағалануға бағытталған.

***Ескерту: жоқ.***

***Жақсарту мақсатында:***

*Білім беру бағдарламасын әзірлеуде білім алушылар мен мүдделі тараптарды көбірек тартуды ұсынады;*

*Білім беру бағдарламасы мазмұнын шетелдік алдыңғы қатарлы білім беру ұйымдарының сәйкес келетін білім беру бағдарламаларымен үйлесіміне қол жеткізу.*

### **Стандарт 3. Білім алушыларға бағытталған оқыту, білім беру және бағалау**

Жыл сайын кафедраға білім алушыларды академиялық дамытудың негізгі тенденцияларын айқындауға мүмкіндік беретін оқыту түрлері, педагогикалық әдістер, қойылған мақсатқа жетудің деңгейін диагностикалау, меңгеру арқылы білімгерлердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыратын білім беру бағдарламасының мазмұны мен формасын өңдеп, жетілдіреді.

Білім беру бағдарламасы ПОҚ оқу үдерісінде төмендегідей білім беру технологиялары мен әдістерін пайдаланады: тұлғалық-межелік, жобалық, жаңа технологиялар, проблемалық оқыту, тест тапсырмаларының түрлі формалары. Сабақ өткізу барысында дамыта оқыту, блокты-модульді оқыту, кейс-технология, деңгейлік оқыту, сыни тұрғыда ойлау технологиясы, модульді оқыту технологиясы мен түрлі психологиялық тренингтер белсенді қолданылады. Кафедраның ұйымдастыруымен жаңа қолданыстағы инновациялардың әдіс-тәсілдерін бейімдеп оқыту оқу-әдістемелік семинарлар арқылы іске асады. Оқытушылардың сабақта ең өзекті және тиімді әдістерді қолдануы, өзара өткізген ашық сабақтарына қатысуы, озық тәжірбие алмасуы, оқытушылардың өзара сабаққа қатысу журналына тіркелген және кафедраның жұмыс жоспарына, факультеттің оқу – әдістемелік бюросы жиналыстарының хаттамаларынан көрініс табады. Жаңа инновациялық технологияларды пайдалануда ашық сабақтар, семинар-тренингтер, дәрістер, конференциялар жүйелі өткізілген.

Білім беру траекториясы бойынша білім алушылардың ілгерілеуіне және білім алушылардың жетістіктеріне мониторинг жүргізу «Platonus» порталында жүзеге асырылады. Онда ағымдағы бақылау нәтижелері, сондай-ақ ағымдағы емтиханды тапсырғаннан кейін аралық аттестаттау нәтижелері апта сайын көрінеді. Ағымдық және аралық бақылау және қорытынды емтихан ұйымдастыру мен өткізу тәртібі «Ағымдық бақылау ұйымдастыру және өткізу Ережесі», «Магистратура мен докторантурада қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу Ережесі» құжаттарында баяндалған <http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/>.

Университетте «Платонус» электрондық базасында <http://ais.yu.edu.kz>. «Үлгерім журналы», «Білім алушылар контингенті», «Есептер» тарулары бар. Білім алушыны туралы мәліметтер, модульдер каталогы, жеке оқу жоспары, оқу жетістіктер тарихы, транскриптті қамтитын жеке кабинеті қарастырылған. Әрбір докторант өзінің паролімен бағдарламаға кіріп, барлық жеке деректерін (жеке жоспар, академиялық күнтізбе, академиялық жетістіктер және т.б.) көре алады. Интернет-ресурстар арқылы білім алушының жетістіктерін үнемі бақылауға болады. Білім алушының жеке коды арқылы кез-келген уақытта ата-аналар білім алушының жетістіктерін көруге мүмкіндік алады. Білім алушылардың жетістіктері туралы ақпараттар кафедра және оқу-әдістемелік бюро отырыстарында талқыланады.

Пән бойынша жыл сайын университет сарапшыларымен мұқият түрде тексеруден өтіп, ОӘК отырысында бекітілген жаңа тест жасақталады. Базалық пәндер бойынша тестің стандартталған қоры жыл сайын 30%-дан кем емес деңгейде жаңартылып отырады. Емтихан билеттері де тиісті модульдер бойынша емтихан сұрақтары тізімінен күрделілік деңгейіне бөлініп, автоматтандырылған бағдарламаларымен генерацияланған. Білім алушылардың тілдік дайындығын анықтау мақсатында, білімдерін бақылаудың деңгейлік жүйесі қарастырылған: А1 – бастапқы, А2 – негізгі. Силлабуста жұмыс түрлеріне қарай білім алушыны бағалау критерийлері келтірілген. Білім алушылардың білімін ағымдық бақылау түрлері анықталады: ауызша сауал түрінде, жазбаша бақылау түрінде, үй тапсырмаларының презентациясы түрінде, дискуссия, тренинг, дөңгелек үстел, кейс-стади, тест және т.б. да түрде өтіледі.

Докторантты даярлау бойынша білім беру процесінің аяқталғандығының негізгі критерийі білім алушының теориялық оқуды 78 кредит не 7890 сағаттан кем емес игеруі болып табылады. Бір академиялық кезеңде докторант 18 кредит немесе 810-945 сағатты игереді.

Оқу орнында докторанттарды өтінімін/апелляциясын қарастыруда қолданатын ресми рәсімдердің бар екендігін көрсетеді. Білім алушының бағалау қорытындысымен келіспеген жағдайда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесіне» сәйкес апелляцияға бере алатындығы туралы ақпарат «Академиялық саясат», білім алушының жол сілтегішінде көрсетілген және университеттің веб-сайтында <http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/> орналасқан ішкі ережелер жасақталған.

6D020500-Филология мамандығы бойынша білім алушыларды бірыңғай ақпараттық жүйемен қамтамасыз ету (мысалы, Web-сайт негізінде), білім алушыларды өзіндік дамытуда, өзіндік жетілдіруде, өздерінің сұраныстарын іске асыруда Wi-Fi нүктелері мүмкіндігінің пайдалану жақсы жолға қойылған. Университеттің сонымен қатар шетелдің ғылыми-зерттеу жүргізу мен ғылыми жұмыс жазуды жеделдететін, ғылыми және инновациялық шешімдері бар мәліметтер қорына білім алушылардың қол жетімділігіне қолдау көрсету үшін университетте қарқынды жұмыс жүргізілуде. ЖОО деректерінің заманауи электрондық базасына білім алушылардың қол жетімділігіне қолдау көрсетуде университет кітапханасында <http://lib.kguti.kz> сайты жұмыс атқарады.

***Ескерту: жоқ***

***Жақсарту мақсатында: жоқ***

**Стандарт 4. Білім алушыларды қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау**



Университетте бD020500-Филология мамандығына білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау жүйелі түрде жүргізіледі. «Қаза тілі мен әдебиеті» кафедрасы ректоратпен бірлесе отырып үгіт-насихат жұмыстары үшін облыстың жалпы білім беретін мектептері мен колледждеріне ақпараттық буклеттер әзірлейді. Жыл сайын дәстүрлі түрде Маңғыстау облысының мектептері мен колледждерімен «Ашық есік күнін» өткізеді, ата-аналардың, өндіріс орындарында жұмыс істейтін мамандардың, тәжірибелі педагогтердің, мектеп директорларының, білім беру ісінің үздіктерінің қатысуымен кездесулер ұйымдастырылады. Кәсіби бағдар жұмысы келесідей жұмыстарды іске асыруға бағытталған: білім алушыларға университет, факультет, кафедра, мамандық туралы мәлімет бере отырып, оладың болашақ мамандығы туралы ақпарат ұсыну. Университеттің ПОҚ ішінен кәсіби бағдар беретін топтар құрылған. Университеттегі аталмыш мамандық бойынша докторантура туралы ақпаратты талапкер бакалавриатты, одан соң магистратураны бітірген соң алады. Дегенмен, осы кезеңге дейін оқуға қабылданған докторанттардың болмауы жасалған жұмыстардың нәтижесіз екендігін көрсетеді.

Тәжірибе алмасу бойынша басқа ЖОО-нан келген білім алушылардың ЖОО жағдайына, оқу жағдайына тез бейімделу мүмкіндіктері толық қарастырылған, оларға алғашқы күннен бастап сәйкес мамандық бойынша білім алушылардың академиялық тәлімгерлерінің қызметтерін орындаушы эдвайзер (Advisor) – оқытушылар оқудың траекториясын таңдауда (жеке оқу жоспарын құруда) және оқу кезеңдерінде білім беру бағдарламасын меңгертуге көмек көрсетеді.

Мамандықтың білім беру бағдарламасы оқудың қалыптасқан мақсаттарына лайықты және модульдер комбинациясына сәйкес құрылымда болып, білімділіктің деңгейі пәннің әр блогындағы міндетті компоненттердің барлығымен анықталған.

Білім алушыларға оқудың жеке жоспарын құруда, диссертациялық ізденіс тақырыптарын таңдауда кәсіби көмек ретінде болжалды тақырыптар жыл сайын жаңартылады. Университеттің білім беру ұйымдарымен ынтымақтастығы білім беру бағдарламасы бағалау механизмдерінде де көрсетілген. Жұмыс берушілер сауалнамасының нәтижесінде білім беру бағдарламасының білімнің жаңа талаптарымен сәйкестігі көрінеді. 93 % -дан астам жұмыс беруші бD020500-Филология білім беру бағдарламасы мамандықтары түлектерінің бүгінгі таңда жоғары сұранысқа ие екендігін көрсеткен. Дегенмен, мемлекет тарапынан грант бөлінбегендіктен докторантураға түсуші талапкерлер жоқ.

бD020500-Филология білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің шешімімен бD020500-Филология мамандығы бойынша философия Докторы (PhD) ғылыми дәрежесі беріледі.

Университетте докторлық диссертациялардың шынайылығын тексеру «Антиплагиат» бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады («Антиплагиат. ЖОО» «Антиплагиат» (Ресей) жабық акционерлік қоғамының өнімі).

Докторантураға қабылданушылар білім беру бағдарламасын игеру барысында модуль бойынша келесі кәсіби құзыреттіліктерді игереді:

1) ғылыми ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау әдістеріне қоса қазіргі ақпараттық технология әдісін білуі, ғылыми ақпаратты игере алуы және қолдануы, қазіргі ғылыми және практикалық мәселелерді шешу және құрастыру;

2) операциялық жүйелер құралдарын пайдалана білуді, операциялық жүйелер хабарламаларын түсіну және оларға дұрыс жауап беру, мәтіндік және графикалық редакторларды қолдануды;

3) кәсіби қызметтің пәндерін қолдануды;

4) кәсіби қызметке арналған қажетті фундаментальды пәндердің негізгі бөлімдерін игереді.

Лиссабон конвенциясы талаптарына сәйкес қабылдау комиссиясында университетке түскен тұлғаның құжаттарын тапсыруы бойынша халықаралық және шетел оқу орындарынан алған білімдері туралы құжаттарының бар болуы талап етіліп, жұмыстар жүргізіледі, ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығында нострификациялар рәсімін өткізу жұмыстары 25.12.2013ж. №3/150 ректор бұйрығымен бекітілген Білім алушылардың академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру ECTS кредитін қайта есептеу жүйесі туралы ереже және 27.05.2015ж. № 06-8/60 ректор бұйрығымен бекітілген оқуға қабылдауды ұйымдастыру талаптары негізіндегі құжаттарға сүйеніп жүргізіледі. Біліктілікті мойындау, академиялық ұтқырлық мәселелері бойынша университет ENIC-NARIC ақпараттық желісіне енетін ҚР БҒМ Болон процесі және академиялық ұтқырлық орталығымен белсенді қызмет атқарады (Түркия Республикасының елшілігінің, Әзірбайжан Республикасының Білім министрлігінің, Түрікменстан елшілігінің, «HIRERIGHT» компаниясының, Эстония; «I-COVER SCREENING LIMITED» компанияларының және Болгария сұраныстары).

**Ескерту:**

- 6D020500-Филология мамандығына білім алушыларды тарту мақсатында ынталандыру арқылы жүргізілетін жұмыс түрі қарастырылмаған;

**Жақсарту мақсатында:**

- Университеттің «Тиімділіктің негізгі көрсеткіштері бойынша ПОҚ-ы қызметін бағалау» туралы Ережесіне (12.12.2017 ж. №4 ғылыми кеңестің шешімі) «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушыларына докторанттарды тарту, дайындау, қорғауға шығару критерийлерін қосуды қарастыру;

### Стандарт 5. Профессор-оқытушылар құрамы

Университеттегі кадр саясаты ЖОО міндеттері мен саясатына сәйкес келеді. Университеттің 2017-2021 жылғы даму стратегиясында кадрларды ынталандыру жолымен және отандық, шетелдік ЖОО-нан жоғары білікті кадрларды қосымша шақыртумен, университет оқытушыларының сапалы құрамының көрсеткішін арттыру бойынша шаралар қарастырылған. Университеттің Ішкі еңбек тәртібі ережелеріне сәйкес, жұмысқа қабылдау, қызмет бабымен көтеру, марапаттау, жұмыстан босату рәсімдері №06-8/14 01.02.2016 жылғы Ш. Есенов атындағы КМТИУ-дің еңбекті реттеу Ережесі (<http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/>), (<http://yu.edu.kz/ru/normative-legal-documents/>) негізінде жүзеге асырылады.

Кафедраның ПОҚ құрамының сапасы мен саны бойынша көрсеткіштер 6D020500-Филология білім беру бағдарламасының барлық спектр – филология саласында жүзеге асыруға қажетті кадр әлеуетінің барлығын растайды.

ПОҚ 2012-2017 жж. кезеңіндегі ПОҚ сапалы және сандық құрамы кестеде ұсынылған:

Оқу жылы	Жалпы оқытушы-профессорлар құрамы (барлығы)	Мамандық а сабақ беретін ОПҚ саны, ғылыми дәрежесі ғылым кандидаты, ғылым докторы, Ph.D	Негізгі оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми атағы барлары:				PhD докторы	Магистр академиялық дәрежелісі	дәрежелілік%
			Ғылыми атақ		Ғылыми дәреже				
			доктор	кандидат	Профессор	доцент			
2012-2013	10	10	1	9	1	4	-	-	100
2013-2014	10	10	1	9	1	4	-	-	100
2014-2015	11	11	1	10	1	5	-	-	100
2015-2016	11	11	1	10	1	5	-	-	100
2016-2017	11	11	1	10	1	5	-	-	100

Ғылыми дәрежесі мен атағы бар ПОҚ құрамының әлеуеті мемлекеттік жалпыға міндетті стандартқа толық сәйкес келеді.

Оқытушылардың 6D020500-Филология бағытында дайындау бойынша базалық білімдері 100%-ды құрайды. ПОҚ-тың ғылыми атағы мен мамандығы, дәріс оқитын пәндер саласы бойынша біліктілігін арттыру курсынан өтуі тиісті сертификаттармен расталған және білім беру бағдарламасы саласына сәйкес ғылыми-әдістемелік жұмыстары бар.

Оқытушылардың педагогикалық жүктемесі бір жылға жоспарланған оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстарынан тұрады. Оқытушылардың педагогикалық жүктемесі «Оқытушының жеке жұмыс жоспары» журналында көрсетілген. Журналда түрлі шаралар тізімі, мерзімі, орындалған уақыты туралы есебі нақты берілген. Жеке жұмыс жоспарын оқу

жылының басында кафедра меңгерушісі, проректор бекіткен. Оқытушы жоспарлаған жұмысының орындалысы мен бағалануы оқу жылының аяғында жеке жұмыс жоспарындағы кафедра меңгерушісі қорытындысымен және кафедра отырысының хаттамасымен дәлелденеді.


Университет оқытушыларының педагогикалық жүктемесі мен жеке жұмыс жоспарының орындалуы факультет бюросы отырысында, университет бойынша жалпы есеп университеттің ғылыми кеңесінде қарастырылған.

Оқытушылардың бағдарламаны жетілдірудегі, білімдік мақсаттар мен нәтижелерді анықтаудағы, оқытудың тиімділігін арттырудағы үлесі жоғары деңгейде екендігі кафедра құжаттарынан айқын көрініп тұр.

Университеттің дамыту стратегиясы мен жоспарлы міндеттері университеттің басты кадр саясаты біліктілікті көтеру жүйесі болып табылады. Жыл сайын университетте ПОҚ біліктілігін арттыру жоспары жасақталады. Негізгі мақсаты – еңбек нарығының сұранысына сай оқытушылардың кәсіби және жалпы құзіреттілігін көтеру.

ПОҚ-тың біліктілігін арттыру білім беру қызметіндегі көрсетілген мамандықтар бойынша гуманитарлық, педагогикалық бағыттарда жүргізіледі. Кәсіби біліктілікті көтерудің негізгі бағыттары ғылыми-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, әдістемелік-ұйымдастырушылық біліктілікті жетілдірумен қатысты.

Кафедра ПОҚ соңғы бес жылда шетелдік және отандық ғылыми басылымдарда жариялануы, оқу процесіне ғылыми зерттеу нәтижелерін ендіруі, оқытушылардың импакт-факторлы басылымдарда жариялануы, жарияланымдарынан дәйектердердің келтірілуі төмендегі 5.1 диаграммада көрсетіліп отыр.



**Ескерту: жоқ**

**Жақсарту мақсатында: жоқ**

## Стандарт 6. Оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау

6D020500-Филология мамандығының оқытушы құрамы мен білім алушыларына қызмет ету университеттің кампустік типтегі заманауи материалдық-техникалық базасында жүзеге асырылады.

Университеттің материалдық-техникалық базасының құрамына 3 оқу-зертханалық ғимарат, кітапхана, баспа үйі, 2 жабық спорт залы, 2 ашық спорт алаңдары, 1стадион, жүзу бассейні бар спорт кешені, 3 жатақхана, тамақтану орындары, медициналық кабинет кіреді. Кафедраның материалдық–техникалық базасы білім беру бағдарламасы бойынша оқу процесін қамтамасыз етудің негізгі талаптарына сәйкес келеді.

Білім алушылардың білім беру бағдарламасын іске асыруға университет базасында 357 орындық ғылыми кітапхана, ПОҚ мен білім алушыларға медициналық қызмет көрсететін медициналық орталық бар.

